


Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін: 

Оқу ісі менгерушісі А.С.Истлеуова

Білім беру ұйымы **ЖАМБЫЛ ЖОББМ**





Мектепалды даярлық 0 сынып

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 2-6 қыркүйек 2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балаларды сабаққа уақытысында әкелу, сабақтан қалдырмауды ескерту	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келуді ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балаларға үлкенді құрметтеп айналасына мейрімді болуға баулу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Шаттық шеңбері	«Менің топтағы достарым» достарының суретін салу	«Мен спортшымын». Фотосуретте бейнеленген Суреттерді атау	Әңгімелесу. Спортпен не үшін керек? әңгімелеп беру	Сурет салу. «Футболшы»
Таңертенгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені №1				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жылулық сәті: Апам мені «Айым»-дейді, Мен мұнайсам, уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім -дейді.	Жылулық сәті: Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз.	Жылулық сәті: Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді.	Жылулық сәті: Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достарымыз енді біз.	Жылулық сәті: Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еңіңдер.
Білім беру ұйымының	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Математика негіздері Тақырыбы: қағаз бетінде бағдарлау Мақсаты: -қағаз бетінде бағдарлауға (жоғарыда, төменде, оң жағында, сол жағында) қалыптастыру; қағаз бетінде бағдарлау (жоғары, төмен, ортасы, оң жақ, сол жақ) дағдыларын дамыту; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Санай алу, кері санау Құндылықтар: Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік</p> <p>Сөздік ойын: 1-тапсырма. Суретке кара. Үй ішінде ұлды немесе қызды көрсет.</p>  <p>2-тапсырма. Ит қай жерде отырғанын айт. Үйшіктің алдында отырған иттің жанына доптың суретін сал.</p> 	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Дыбыс Мақсаты: -сөз және дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру; жазу кезінде арқаны және қолдарды дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру, қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету; -ойлау қабілеттерін дамыту. Қағылезділікке, бастаған істі аяқтай білуге баулу; - шыдамдылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: балалар есімдерін қысылмай айта білу, еске сақтай білу Құндылықтар: Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік</p> <p>Дидактикалық ойын: 2-тапсырма Суретке кара. Сен қандай дыбыстарды ести алаың?</p>  <p>3-тапсырма Балалардың дыбысын қайталап айт. Ау-у Ә-ә-ә Шу-шу</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «Біреу-көп» Мақсаты: -«біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту Күтілетін нәтиже: бір зат пен көп затты ажырата білу, мысалдар келтіру Құндылықтар: Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік 1-тапсырма. 1. Суретте не бейнеленген? 1н ата. Дүкенде неше ойыншық бар? Қандай * ойыншық, тар туралы «кеп» деп айтуға болады? Қандай ойыншық, тар туралы «бреу» деп айтуға болады? Қандай ойыншық, тар бірнешеу? Тустер! ертуірл!, бірәк, бірдей ойыншық, тар бар ма? Ата. 2-тапсырма. Бастырып сыз. Бір сыйлық, ты банттың туандей етіп боя. ^ Боялмаған қанша сыйлы! ^ қалды?</p>	<p>Математика негіздері негіздері Тақырыбы: Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру Мақсаты: дара заттарды бөлуді үйрету; бір заттан тұратын жиын туралы ұғым қалыптастыру; -«біреу» және «бірнеше» («көп») терминдерін енгізу; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Құндылықтар: Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік Дидактикалық ойын: 1-тапсырма. Суретте қандай заттар бейнеленген? 1н ата. Осы заттарды ^ сатып алуға болатын дүкенмен сызып қос. 2-тапсырма. Карточкаларда қандай туст! заттардың бейнеленген? 1н ата. Оларды сондай тустег! шаршымен сызып қос. Эртуірл! тустеп заттар қанша? Сана</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Сөз» Мақсаты: -балалардың сөз туралы түсініктерін қалыптастыру. Есту қабілеттерін жетілдіру; -танып білуге деген қызығушылығын арттыру. Күтілетін нәтиже: ауызша сөйлемдерді саптай білу, жазбашада қаламсапты ұстай білу Құндылықтар: Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік</p> <p>1-тапсырма. Суретке кара. Балалар не істеп жатыр? Ойыншықтарды</p>  <p>ата. 2-тапсырма. Суреттегі заттың аты ұзақ болса-ұзын тапаға, ал қысқа болса, қысқа таспаға қос.</p>
--	--	--	---	---

Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар
 «Лақтыр да, қағып ал»

Суретті тіл ұстарту:

Ша – ша – ша

Айшаның шанасы тама (ша)

Са – са – са

Қасқыр соқты Мұ (са)

Ол – ол – ол

Ағашта лимон м(ол)

Ра – ра – ра

Дүкеннен нан алды Са (ра)



Ойын: «Лақтыр да, қағып ал»

Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.

Ойынның шарты: Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады. Тәрбиешінің «баста», - деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады. Әр бала неше рет

Із – із – із

Тамаққа қосты сәб(із)

Жу – жу – жу Ыдысты тазалап (жу)

лақтырып қағып ала алады,соны санайды.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Сөйлемді дамыту
Тақырыбы. Кел, танысайық!(Балабақшадағы, мектептегі алғашқы күн)
Мақсаты: -балаларды әнгімені жалғастырып айтуға үйрету;
 -мазмұнды жалғастыру арқылы ой-қиялдарын дамыту; баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Күтілетін нәтиже: оқу жылының алғашқы күнін сезіну, жақсы көңіл күймен бастау
Құндылықтар: Ұлттық мүдде:Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; Талап:дұрыс қарым-қатынас орната білу
Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік

Дидактикалық ойын:
«Дауысынан таны» Ойын шарты: балалар шеңбер болып тұрады, бастаушы санамақ санау арқылы бір баланы ортаға шығарып, көзін байлайды. Санамақ арқылы келесі баланы шығарады, ол көзі байлаулы тұрған баланың атын айтады. Ойын осылай жалғаса береді. Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады. Сыңғыр, сыңғыр сырғалар Құлағымда сыңғырлар. Оң қолымда білезік, Сол қолымдабілезік, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3 – бір, екі, үш,
 Демаламыз жинап күш жинаймыз

Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы. Заттардың адам өміріндегі маңызы.
 Не неден жасалады?
Мақсаты: балаларға заттардың белгілері мен ерекшеліктері туралы білім беру;
 -қандай материалдардан жасалынатыны және олардың сапасы жайлы түсінігін кеңейту
Күтілетін нәтиже: балабақша мен мектепті тану, өзін ересек екенін сезіну
Құндылықтар: Ұлттық мүдде:Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; Талап:дұрыс қарым-қатынас орната білу
Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік
Кім жылдам? ойыны
 Бал-бақша мен мектепте кездесетін заттардан құралған суреттер беріледі. Сол суреттерден бала екі қатарға заттарды бөліп, түсіндіреді.
 Балаларға жас бала мен үлкен мектепте кездесетін жағдаяттарды баяндайды

Көркем әдебиет
Тақырыбы: Білімнің – бұлағын. (өлеңмен танысу)
 Ақылбек Шаяхметов **Мақсаты:** өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;
 -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлеп оқу, мазмұнымен таныстыру;
 -әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсініктерін дамыту;
 -балабақша және мектеп қызметкерлерінің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.
Күтілетін нәтиже:білімді ұғыну, білу
Құндылықтар: Ұлттық мүдде:Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; Талап:дұрыс қарым-қатынас орната білу
Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік

1-тапсырма. Суретке қарап өз ойыңды айт.
 Балаларды кім қарсы алды?
 Балалардың көңіл күйі қандай?
 2-тапсырма. Суреттегі жалпы және жеке атауын ата.



Сөйлемді дамыту
Тақырыбы. Менің досым.
Мақсаты:-суретке қарап әнгіме құрауды үйрету, баланың сөздік қорын байыту;
 -бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту; -достыққа деген адалдыққа, сенімділікке тәрбиелеу.
Күтілетін нәтиже: досқа адал болу, сыйлау
Құндылықтар: Ұлттық мүдде:Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; Талап:дұрыс қарым-қатынас орната білу
Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік


«Кім көп біледі?» ойынын ойнату. Ойлаған сөздерінді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету).

Көркем әдебиет
Тақырыбы. Білімнің – бұлағын. (өлеңмен танысу)
 Ақылбек Шаяхметов **Мақсаты:**- өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;
 -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлеп оқу, мазмұнымен таныстыру;
 -әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсініктерін дамыту;
 -балабақша және мектеп қызметкерлерінің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.
Күтілетін нәтиже: алғашқы күздің бірінші күні білім күні екенін атап өту, күздің тіршілігімен танысу
Құндылықтар: Ұлттық мүдде:Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; Талап:дұрыс қарым-қатынас орната білу
Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік

Дидактикалық/ойын
 3-тапсырма. Сөмкеге не салу керек? Белгіле



4-тапсырма. Мақалды жаттап ал.
 Білекті бірді жығады,
 Білімді мыңды жығады.



Faint, illegible text, possibly bleed-through from the reverse side of the page.

балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі

мүдде:Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз

дыбыстарн ата. 2-

білу, айырмашылықтар ын атай білу


машықтандыруды жалғастыру - кол, саусақ кимылдарын арттыру;

Тілді жаттықтыратын тақпақ

Кім келді?
Қане, қане кім келді?

Біз, біз, біз!
Апа, апа бұл сіз бе?

Иә, иә, иә!
Әке, әке бұл сіз бе?
Иә, иә, иә!
Ағатайым бұл сіз бе?
Иә, иә, иә!
Қарындасым бұл сен бе?
Иә, иә, иә!
Біздер тату жан ұя
Иә, иә, иә!



Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ
Ойын: *Жүретін саусақтар*.
Мақсаты: Саусақтарын жүргізе отырып, саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.
Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар.
Шарты: Суреті бар кітапшаны алып, ішін ашып, ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды. балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталанады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қазақ тілі
Тақырыбы: «Менің мектебім»
Мақсаты: -мектеп туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету, диалогке қатысуға үйрету.
-сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру;
-білімпаздыққа тәрбиелеу.
Күтілетін нәтиже: бала-бақшаны білу, ұстазын құрметтеу
Құндылықтар: Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу
Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік
Топтық жұмыс.
1- Бір-бірден берілген заттарды қоршап сызады. Педагог

Сурет салу
Тақырыбы: Ағаш бұтақтары.
(Түрлі түсті қарындаштар)
Мақсаты: -ағаш түрлері, терек бұталарының салыну тәсілдері туралы білім беру;
-балалардың шығармашылық қабілетін дамыту;
- жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу. -елестету және заттарға қарап пішіндерді бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру.
- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған шындықтың эстетикалық жағына қызығушылықтарын дамыту;
- көркем шығармаларды қабылдау қабілетін қалыптастыру, эмоционалды көзқарасты ояту.
Құндылықтар: Ұлттық

Сауат ашу негіздер
Тақырыбы: «Дыбыс пен сөз»
Мақсаты: -сөз, дыбыс туралы түсінік беру;
-сөздің дыбыстан құралатынын, дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру.
Күтілетін нәтиже: жазу үлгілерімен танысу, ұқыпты жазу, таза жазу.
Құндылықтар: Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу
Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік
Дидактикалық ойын:
1-тапсырма. Өлеңді тыңда. Заттар мен табиғат құбылыстарының

Қазақ тілі
Тақырыбы: Балабақша бөлмелері мен сынып бөлмесімен салыстыру.
Мақсаты: -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;
-сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру;
-тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.
Күтілетін нәтиже: бөлмелердің атын

Қоршаған орта
Тақырыбы: Бізді не қоршап тұр?
Мақсаты: балаларды жансыз табиғат түсінігімен таныстыру, жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету;
-өзіндік тәжірибеалдық жұмысты ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін жетілдіру.
Күтілетін нәтиже: отбасын, қоршаған ортаның бар болу керектігін түсіну, білу
Құндылықтар: Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу
Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік
Бояумен сурет салуды жетілдіру, - бедерлі мүсіндеу тәсілімен таныстыру; жалпақтау, кесу, шымшу әдістерін тиянақтау, түрлі құралдарды дұрыс қолдана білуге

	<p>балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды. 2-тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты тандаңдар. Онда не болуы мүмкін? Оны бояңдар. тапсырманы орындайды –бір қорапты тандап, оны бояйды</p>	<p>мүдде:Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;Талап:дұрыс қарым-қатынас орната білу Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік</p>	<p>дыбыстарн ата. 2- тапырма.Суреттегілерді ата.Әр заттың аты неше дыбыстан құралған?Әр суретті сәйкес дыбыстық сызбамен қос. 3-тапсырма. Саусағымыз айқасып, «Жеңемін» деп шайқасып, Бірін-бірі тартады, Білекке сенім артады.</p>	<p>білу, айырмашылықтарын атай білу Құндылықтар: Ұлттық мүдде:Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;Талап:дұрыс қарым-қатынас орната білу Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік «Қоян» – бала жұдырығынтүйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын шошайтады. «Қоян» құлақтарын созыптұр. «Сақина» – бала жұдырығынтүйеді. Одан кейін бас бармағы менсұқ саусағын түзетіп, бір- бірімен түйістіреді. «Саусақтардың амандасуы» –саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама- қарсы ұстайды. тапсырманы орындауды ұсынады. Тапсырманы жеке орындауға және алма мен алмұрттарды бөлек топтарға бөлу үшін қасиеттерін тұжырымдауға уақыт береді. Сұрақ қояды: Әрбір топта неше алма және алмұрт бар? «Бірнеше» немесе «көп», «бір»сөздерін пайдалануғақол жеткізеді. Әр түрінен бір үлкен жемісті бояу ұсынылады</p>	<p>машықтандыруды жалғастыру - қол, саусак кимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту - ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу Топтық жұмыс: Сурет салі Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру Күз Ой, балалар, балалар, Қоңырқай күз болыпты. Қурап жапырақ солыпты, Ел егінін орыпты.</p>
--	---	--	---	--	---

«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»

Мақсаты: Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.

Көрнекіліктер: қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер.

Ойын барысы: Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады.

Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек.



Ойын: «Жер,су,ауа»

Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не болатынны дұрыс айтуға төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: асық

Шарты: балалар дөңгелеіп отырады. Бір бала ортаға шығып балаларды кез келгеніне асық лақтырып жібереді де жер су ауа деген сөздің бірін айтады. Егер бала жер десе асықты қағып алған сезіммен тәбиелеу. Біл бала отатаға шығып, балалардың кез келгеніне асықта лақтырып жібереді де жер, су ауа деген сөздік бірін айтады. Егер бала жер десе, асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды, адамдарды, өсімдіктерді атайды. Ал су сөзі айтылса, балық балардың аты аталады. Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс.

Осылай ойын жалғаса береді.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Денешынықтыру Тақырыбы: «Спортзал» «Спортзалда ойнаймыз». Мақсаты: -кеңістікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту; -спортқа деген қызығушылықтарын дамыту. ептілік, шыдамдылық, төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту. Күтілетін нәтиже: спортзалда немен шұғылдану керектігін білу, жаттығу, қимыл адам өміріне пайда екенін ұғыну Құндылықтар: Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік</p>	<p>Музыка Тақырыбы: «Білімнің бұлағын» Мақсаты: Балаларға білімнің өмір бойы қажет екенін бірнеше мысалдар келтіру арқылы ұғындыру Күтілетін нәтиже: білім адам азығы екенін түсіну, білу Құндылықтар: Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік Музыка тыңдау: «Қосалқа»</p>	<p>Денешынықтыру Тақырыбы: «Денсаулықтың құпиялары» Мақсаты: спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтына, өз денсаулығын бағалай білуге баулу Күтілетін нәтиже: денсаулықты күту, спортпен шұғылдану Құндылықтар: Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет). Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші</p>	<p>Музыка Тақырыбы: «Білімнің бұлағын» Мақсаты: домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру, күйші-композитор Дәулеткерей шығармашылығымен таныстыру; -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға үйрету; -балалардың музыкаға құштарлығын арттыру. Құндылықтар: Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік Құндылықтар: Әділдік және</p>	<p>Денешынықтыру Тақырыбы: «Күлкі сыйла» Мақсаты: бала ағзасын төзімді, мықты болуға шынықтыру, омыртқаның қисайып кету қаупінің алдын алу Күтілетін нәтиже: шыныға білу, айналана пайдалы болу Құндылықтар: Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік Секіртпеден бір орында тұрып секіру. Бастапқы қалыпқа тұрады. Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады. Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен</p>
--	---	---	---	---




	<p>«Мұқият бол» ойынжаттығуы. 1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу. Мұрынмен тыныс алуға көңілбөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын қадағалау. Тыныс алу гимнастикасы (у-шукешені). Қимыл-қозғалыс ойыны:</p>	<p>Дәулеткерей Ән айту: «Білім – бұлағын» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) Билер: «Жұпта су биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өндеген Б. Қыдырбекова)</p>	<p>ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында</p>	<p>жауапкершілік Музыка тындау: «Қосалқа» Дәулеткерей Ән айту: «Білім – бұлағын» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) Билер: «Жұпта су биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өндеген Б. Қыдырбекова)</p>	<p>допты алып жүреді. Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>«Бос орын» (5 рет). Балалар шеңбер бойына малдас құрып отырады. Жүргізуші шеңбер бойымен жүріп, бір ойыншының жанына келіп, оның жанына беторамалды тастайды да: «Бұл жер саған тар Өзіңе орын тауып ал», – дейді. Ойыншы беторамалды алады да, жүргізушіні қуады. Ал жүргізуші оның орнына жылдам барып отырып алуға тырысады. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады</p>	<p>Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өндеген Б. Қыдырбекова)</p>	<p>тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». Ойын барысында балаларды ауық-ауық үзілістер жасап, демалтып тұру қажет.</p>	<p>жүгіріп келеді. Секірген кезде құрсаудың ортасына түсуге тырысады. Екі аяқпен ширақ итеріліп, аяқтарының ұшымен жерге түседі Ойын: «Қайда жасырылғанын тап». (2 рет). Спортзалда еркін тұрады.</p>	
--	---	---	--	--	--

Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
-------------------	---	---	---	---	---

Кеністікті бағдарлауға арналған ойындар

«Жапалақ»

<p>Серуен</p> 	<p>Тіл жаттығулары: <i>Ар-араар</i> <i>Түрлі түсті шар</i></p> <p><i>Ма-ма—ма</i> <i>Бақшадағы алма</i></p>		<p>Аз қимылды ойын: «Кім алысқа» Мақсаты: Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру. Мәре ұғымын түсіндіру. Шапшандылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: Балалар ойынды ұлдар мен қыздар болып ойнайды. Ең алдымен ұлдар арасында, содан қыздар арасында жүгіріп, мәреге жетулері керек. Белгіленген мәреге жеткен ұл мен қызды мадақтау. Содан екі жеңімпазды жарыстыра жүгірту, мәреге ең бірінші болып жеркен баланы жеңімпаз ретінде таниды.</p> 
--	---	--	---

Балаларды үйге қайтару

Ата –аналарға кеңес

Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Ата –аналарға кеңес

Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Ата –аналарға кеңес

- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сұрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.


Ата –аналарға кеңес

Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Ата –аналарға кеңес

- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін: 

оқу ісі меңгерушісі А.С.Истлеуова

Білім беру ұйымы Жамбыл ЖОББМ

Мектепалды даярлық О сынып

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2-апта 9-13 қыркүйек 2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балаларды сабаққа уақытысында әкелу, сабақтан қалдырмауды ескерту	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келуді ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: Балаларға үлкенді құрметтеп айналасына мейрімді болуға баулу
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сөздік тренинг ойыны: «Болады-болмайды» тренингі(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)-Мейірімді болуға (болады), Кешірімді болуға (болмайды), Қатыгез болуға (болмайды), Тәртіпті болуға (болады),	Ойын: «Мейірімділік жібі» Шарты: Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесенің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер. Еңбек тапсырмасы: Балықтарға жем беру	Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен қарауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу <i>Осылай бола ма?</i> <i>Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айнымалы пікірді байқауға тәрбиелеу.</i> <i>Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол неге бұлай болмайтынын дәлелдеуі керек.</i> Еңбек тапсырмасы: Гүлдерге су құю	Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлін» құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды. Фотосуреттер қарау. Еңбек тапсырмасы: Гүлдерге су құю, шандарын сүрту	Сурет салу. «Күз» Күз бейнесін салу арқылы жылдың төрт мезгілімен танысып қайталау.
Таңертенгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені №1				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жылулық сәті: «Біз бақытты баламыз» Кел, шеңберге тұрайық, Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік, Тату болып жүрейік.	Жылулық сәті: Мейірімділік-асыл қасиетіміз, Жүректегі таза ақ ниетіміз. Жан дүние кілті, Шаттық пенен күлкі. Биік ұстап соны, Қадірлейік біз!	Жылулық сәті: «Нәр алып» Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Суға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.	Жылулық сәті: «Қуан, шаттан!» Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.	Жылулық сәті: «Қайырлы таң!» Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар Балалар, Қайырлы таң! Жора-жолдас, ұл мен қыз!
Білім беру ұйымының	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет

Математика негіздері
Тақырыбы: 1 саны және цифры. 2 саны және цифры
Мақсаты: «бір» және «көп» (бірнеше) терминдерін енгізу, -1 және 2 сандарымен танысу, -заттарды санай алуға, сандардың айтылу реттілігін үйрету, -заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйреті, -сөйлеу тілін және назар аудару дағдыларын дамыту, -қозғалыстарын үйлестіру, ұсақ қол моторикасын

калыптастыруды жалғастыру

Күтілетін нәтиже: 1 саны мен 2 санын тани алу және жазу үлгісін дәптерге жаза білу


Құндылықтар: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Бір тұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік

Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастру.

Сөздік ойын:

1-тапсырма. бір-бірден керсетілген заттарды белгіле. Суретте канша зат болса, уяшықта сонша нүкте салындар.



2-тапсырма.

Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса.

Сауат ашу негіздері
Тақырыбы: Дыбыс
Мақсаты:

-сөз және дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру; жазу кезінде арқаны және колдарды дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру, қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету;

-ойлау қабілеттерін дамыту. Қағылезділікке, бастаған істі аяқтай білуге баулу;

- шыдамдылыққа тәрбиелеу.
Күтілетін нәтиже: ддыбыстарды ажырата білу

Құндылықтар: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік

Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастру.

Саққұлақ

Мақсаты: Есту қабілетін дамыту, белсенді сөздікті толықтыру, фразалық сөйлеуін дамыту

Қажетті құралдар: қалқа (тасалап тұратын нәрсе), коңырау, сылдырмақ, дабыл және т. б.

Ойын барысы: Тәрбиеші қалқаның артында тұрып, кезек бойынша жоғарыда аталған заттармен дыбыс шығарып және балалардан дыбыстың қандай заттан шыққанын табуын ұсынады. Дыбыстар бала оларды табу үшін, анық және кезектесіп шығуы керек.

1-тапсырма. Айналаңнан қандай дыбыстарды ести аласың және атап айта аласы? Баяндап бер.

2-тапсырма. Жануарлардың суретін боя.

Математика негіздері
Тақырыбы: : 1 саны және цифры. 2 саны цифры

Мақсаты: «бір» және «көп» (бірнеше) терминдерін енгізу, -1 және 2 сандарымен танысу, -заттарды санай алуға, сандардың айтылу реттілігін үйрету, -заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйреті, -сөйлеу тілін және назар аудару дағдыларын дамыту, -қозғалыстарын үйлестіру, ұсақ қол моторикасын

калыптастыруды жалғастыру
күтілетін нәтиже: 1 саны мен 2 санын тани алу және жазу үлгісін дәптерге жаза білу


Құндылықтар: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік

Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастру.

Дидактикалық ойын:

3-тапсырма. 1 цифырын тауып, қоршап сыз. Оны боя.



4-тапсырма. Суретке қара. Артық затты қоршап сыз.

Математика негіздері
негіздері

Тақырыбы: 3 саны және цифры 4 саны және цифры
Мақсаты: -цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету, -заттарды санау дағдыларын жетілдіру, 3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету, -зейін мен логикалық ойлауды дамыту, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.

Күтілетін нәтиже: 1 саны мен 2 санын тани алу және жазу үлгісін дәптерге жаза білу


Құндылықтар: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік


Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастру.

Дидактикалық ойын:

1-тапсырма. Суретке қара. Қнша ит екенін сана. Ұяшыққа сонша нүкте сал.



2-тапсырма. Цифрлардың үстімен саусағыңды жүргіз. Ермексаздан жаса.



Сауат ашу негіздері
Тақырыбы: Дауысты дыбыстар

Мақсаты:-сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту, -сөйлеу тілін жетілдіру, Дауысты, дауыссыз дыбыс ерекшеліктерін түсіндіру

Күтілетін нәтиже: дауыты дыбыстарды жаза білу және дыбыстай алу

Құндылықтар: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік


Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік



Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастру.

1-тапсырма. Суреттерді ата. Дауысты дыбыстан басталатын сөздің суретін қызыл үйге орналастыр. Сызықпен қос.



2-тапсырма.






Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар

БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР

Дауыстарын қайтала.
Аң біткенмен алысқан
Ақырады арыстан:
А-а-а-а-а-а
Нәзік дауысы қозының
Естіледі алыстан:
Мә-ә-ә-ә-ә
Дөңгелетіп аузыңды,
Жіңішкертіп даусыңды,
Бұзаумын деп ойла да,
Дауысын оның қайтала:
Мө-ө-ө-ө





Ойын: «Допты қуып жет»

Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тындай білуге үйрету.

Ойынның шарты:

Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады. Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Сөйлемді дамыту Тақырыбы. Менің сүйікті ойыншығым Мақсаты: -ойыншықтардың суретіне карап, әңгіме құрай білуге үйрету, -сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту, -ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу Күтілетін нәтиже: әр бала өз ойыншығына ұқыпты бола білуін үйрету Құндылықтар: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастру. Дидактикалық ойын: Аулада Мақсаты: Тілдік естуді және дауысқа еліктеу қабілеттілігін дамыту. Қажетті құралдар: Ойыншық қораз, тауық, қаз, торғай. Ойын барысы: Тәрбиеші өленді мәнерлеп оқиды және сәйкес суреттерді көрсетеді. Ақ тауық ау ақ тауық Ақ тауық неден қақсауық Ертемен қыт - қыттайды Ауламыздан шықпайды. Балпаң басқан үйрегім Бұлтындайды бүйрегің Жалпақ тұмсық жем іздеп Қырқылдайсың, қоймайсың Тамаққа бір тоймайсың. Торғай – торғай тоқылдақ Жерден тары шоқып ап. Бөтегесі томпайып, «Шик-шик» десіп отырмақ. Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп, Беті – колын жуады. Мяу – мяу, мяу – мяу.</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Табиғатта не өзгерді? Мақсаты: -күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырату және атауларын атап көрсетуге; -себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету; -тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылығын ояту; -бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін шындау. Күтілетін нәтиже: қазіргі ауа райында өзгерістерге тоқтала отырып мезгілде болатын құбылыстарды да білу Құндылықтар: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастру. Зейінді бол Мақсаты: Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу. Қажетті құралдар: Геометриялық пішіндер кескінделген суреттер. Ойын барысы: Тәрбиеші көрсеткіш таяқшамен бірінші (екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы) суретті нұсқап, балаларға мынадай сұрақ қояды: Суреттен қандай таныс пішінді көресіңдер? Әрбір суретте өзара ұқсас неше пішін бар? Есептеу кезінде аз кателескен қатар ұтып шығады.</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: Кішкентай бағбан. (әңгімелеу) Мәдіхан Төрежанов Мақсаты: -әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді тендеулерді қолдану, көңіл күймен аз мазмұндауға үйрету; -әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту; -әңгімелеуде сюжеттік бірзділікті ссақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу Күтілетін нәтиже: кішкентай бағбан болу үшін қандай болу қажет екенін бойына сіңіру Құндылықтар: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастру. 1-тапсырма. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Балалар қайда жүр?  2-тапсырма. Сәйкес суреттерді сызып қос. Қай сурет тақырыпқа сай келеді?</p>	<p>Сөйлемді дамыту Тақырыбы. Менің сүйікті ойыншығым Мақсаты: -ойыншықтардың суретіне карап, әңгіме құрай білуге үйрету, -сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту, -ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу Күтілетін нәтиже: әр бала өз ойыншығына ұқыпты бола білуін үйрету Құндылықтар: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастру. Дидактикалық тапсырма: Қол соғу Мақсаты: Тез, дәл қимыл жасау, есту қабілетін жетілдіру, ретімен санауды, қанша, қанша болса сонша ұғымдарын қалыптастыру. Қажетті құралдар: Тәрбиешінің және әрбір баланың алдына тілі бар дөңгелек. Ойын барысы: 1-нұсқа: Тәрбиеші қол соғады. Балалар санайды. Тақта алдына шақырылған бала тәрбиешінің неше рет қол соққанын айтуы немесе дөңгелектің тілін саны сонша қара дөңгелекшелер тұрған бөлікке қаратып қоюы тиіс. 2-нұсқа: Ойын күрделенеді. Балалар үндемей, қол соғу санын есептейді, әрқайсысы дөңгелек тілін өздігінен жылжытады. Тәрбиеші қатарларды аралап, ойын ережесінің дұрыс орындалуын тексереді. Ойын екі-үш рет қайталанған соң, қорытындысы шығарылады. Ойыншылары</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы. Кішкентай бағбан. (әңгімелеу) Мәдіхан Төрежанов Мақсаты: -әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді тендеулерді қолдану, көңіл күймен аз мазмұндауға үйрету; -әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту; -әңгімелеуде сюжеттік бірзділікті ссақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу Күтілетін нәтиже: кішкентай бағбан болу үшін қандай болу қажет екенін бойына сіңіру Құндылықтар: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастру. Дидактикалық/ойын 3-тапсырма. Мақалды жаттап ал. Еңбекпен тапқанның Шекер балдан тапқанын  4-тапсырма. Тақырыпқа сай түрлі сызбаларды көрсету арқылы бағбан жылдың қандай мезгілінде көбірек жұмыс жасайды?</p>
--	--	---	--	--



Сенің сүйікті ойыншығың қандай?
 Сен ойыншықтарынды достарыңмен бөлісесің бе?
 Сұрақтарға жауап береміз.



қателеспеген қатар ұтып шығады.



Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Күн мен жаңбыр»

Тілді жаттықтыратын тақпақ
«Қуырмаш»
Қуыр-қуыр қуырмаш,
Балаларға бидай шаш.
Бас бармақ,
Балан үйрек,
Ортан терек,
Шылдыр шүмек,
Кішкене бөбек.
Сен тұр – қойыңа бар!
Сен тұр – жылқыңа бар!
Сен тұр – ешкіңе бар!
Сен тұр – сиырыңа бар!
Сен тұр – түйеңе бар!
Ал сен алаңдамай,
Қазан түбін жалап, үйде жат.
Мына жерде құрт бар,
Мына жерде май бар.
Мына жерде қатық бар,
Қытық, қытық!



Ойын: «Күн мен жаңбыр»
Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті,
бақылағыштығы жақсарады.
Ойынның шарты: Балалардың алаңның бір шетінен
немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге
қойылған орындықтардың артында тізерлеп
отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы
тесікке) қарайды.
Ұсыныс: Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр!
Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл
алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріндер!»
деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай
жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады.
Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барындар,
серуендендер», - дейді
«терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке)
қарайды

Қазақ тілі

Тақырыбы: Біздің сынып
Мақсаты: -не?Нелер?
сұрақтарына дұрыс жауап беруге
жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау.
Қазақ тіліне тән дыбыстарды
дұрыс айту, сөздер мен сөйлемдерді
түсінуді және қолдануды үйрету;-
игерген сөздерін қолданып, шағын
мәтіндер құруға дағдыландыру.
Күтілетін нәтиже: баланың
отыратын сыныбындағы заттарға
мұқият болу
Құндылықтар: Еңбекқорлық
және кәсіби біліктілік
Біртұтас тәрбие: Әділдік және
жауапкершілік
Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы
бар» суды үнемді тұтынуға
ұқыпты қарауға қалыптастру.

Мүсіндеу

Тақырыбы: Жеміс бағында
Мақсаты: --пішінді
мүсіндеудің таныс әдістерін
пайдалана
отырып, жемістерді
мүсіндеу, -бейнені затпен
салыстыру, мүсіндегі
сәйкестіктерді анықтай білу
қабілеттерін дамыту, -
балалардың табиғатты сүйеге
тәрбиелеу
Күтілетін нәтиже:
балалардың пішінді
қолдарымен жасай алулары
Құндылықтар:
Еңбекқорлық және
кәсіби біліктілік
Біртұтас тәрбие:
Әділдік және
жауапкершілік

Сауат ашу негіздер

Тақырыбы. Біз дыбыс
пен сөз туралы не
білеміз?
Мақсаты: -сөз, дыбыс туралы
түсінік беру, -сөздің дыбыстан
құралатыныын, дыбыстың
дауысты, дауыссыз болып
бөлінетіні жөнінде мағлұмат
беру
**Күтілетін
нәтиже:** дыбыстарды тани
отырып оларды
дыбыстауды білу
Құндылықтар:
Еңбекқорлық және кәсіби
біліктілік
Біртұтас тәрбие: Әділдік
және жауапкершілік
Қауіпсіздігі: «Судың да
сұрауы бар» суды үнемді

Қазақ тілі

Тақырыбы: Біз бала
бақшада не істеміз?
Мектепте не істейміз?
Мақсаты: -сөздерді сөз
тіркесімен
айтуға, сөйлем құруға
жаттықтыру. Қазақ
тіліндегі сөздер мен
сөйлемдерді түсініп
және күнделікті өмірде
қолдана білуге
үйрету, шағын мәтіндер
құрауға үйрету; -сөздег
қазақ тіліне тән
дыбыстарды ойын
жаттығуларында дұрыс
айтуға дағдыландыру.
Күтілетін нәтиже:
бала бала –бақшадан

Қоршаған орта

Тақырыбы: Нан қайдан
келеді?
Мақсаты: -балалардың нанның
дастарханға келу жолы туралы
түсініктерін жетілдіру; -танымдық-
ізденістік жұмыстарға талпынысын
күшейту;
Күтілетін нәтиже: нанның
қадірін киелі екенін біледі
Құндылықтар: Еңбекқорлық
және кәсіби біліктілік
Біртұтас тәрбие: Әділдік және
жауапкершілік
Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы
бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты
қарауға қалыптастру.
Дидактикалық ойын:
Өз үйінді тап
Мақсаты: түстерді ажыратуға
жаттықтыру; қабылдауын дамыту;



Тапсырма. Суретте көрсетілген бойынша әңгіме құра. Сенің сыныбыңның іші қандай?


Дидактикалық ойын: Сиқырлы суреттер

Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі сурет бөлінділері.

Ойын барысы: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.

Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастру.



Балаларға рмексаздан жеміс жидектерді мүсіндетіп үйрету. Жасаған жұмыстарын мақтап мадақтап сынып безендіру шкафына салып қою.

тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастру.

Дидактикалық ойын:


Зейінді бол

Мақсаты: Биік және аласа ұғымдарын бекіту; логикалық ойлауын дамыту.


Қажетті құралдар: биік және аласа заттар бейнеленген суреттер немесе ойыншықтар.

Ойын барысы: Балаларға биік және аласа заттардың суреттерін немесе ойыншықтарын қарастыруды ұсынады. Әр суретте не бейнеленгенін анықтау. Биік затты көрсеткенде балалар орындарынан тұрады, аласа затты көрсеткенде бастарын төмен түсіреді.

1-тапсырма.



2тапырма.



келіп мектепте жасап жүрген іс кимылдарды салыстыра біледі

Құндылықтар:

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Біртұтас тәрбие:

Әділдік және жауапкершілік


Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастру.



ойынның ережесін сақтауға үйрету. Қажетті құралдар: түрлі-түсті дөңгелектер.

Ойын барысы: Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратып, түстерін атау. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлер жасап өз үйлерін жылжам тауып, тұра қалу.

Тапсырма
Суретті бояймыз.



Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар « Көбелектер бақалар»

Топ, топ, добым.
Топ, топ, добым домалақ,
Қайда кеттің домалап.
Бір, екі деп екі ұрдым, -
Шатырға сен секірдің.
Үш, төрт, бес деп үлгердім,
Ішіне ендің гүлдердің.
Алты, жеті дегенде,
Жаттың шоршып еденде.
Сегіз, тоғыз дегенде,
Сайға сырғып жөнелдің.
Топ, топ, добым домалақ.
Қайда кеттің домалап



Ойын: « Көбелектер бақалар»

Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.

Ойын барысы: Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады.

Ұсыныс: ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойнаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Денешынықтыру

Тақырыбы: Біз күшті және ержүректіміз.

Мақсаты:

Салауатты өмір салтын ұстауға сақтауға баулу.

Күтілетін нәтиже: баланың күшті екенін үнемі айта отырып өздеріне сенімдерін арттыруды білу

Құндылықтар: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік

Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастру.

Доппен ойнау

Мақсаты: «Жоғарыда-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.

Қажетті құралдар: доп.

Ойын барысы: 1-нұсқа. Балалар екі топқа бөлінеді. Жіп керіліп, оның екі ұшынан ұстап тұруға болады. «Доп төменде» деген бұйрық берілісімен екі бала (әр топтан) бірден допты жіптің астынан алып өтеді де, «доп жоғарыда» деген бұйрық берілісімен жіптің үстінен лақтырады. Әрі қарай ойынды ойыншылардың келесісі жалғастырады. Ешқандай қате жібермеген команда ұтып шығады.

Қимыл-қозғалыс ойыны:

Музыка

Тақырыбы: Нота үйренейік.

Мақсаты:—әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, дауысын дұрыс келтіріп

орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға үйрету;

—әннің сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау.

Музыка сипатын ашық ырғақты, ширақ жүріспен беру.

Күтілетін нәтиже: білім адам азығы екенін түсіну, білу

Құндылықтар: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік

Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастру.

Музыка тындау: «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өндеген Т. Қоңыратбай).

Ән айту: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев),

Ән айту: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев),

Музыка тындау: «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өндеген Т. Қоңыратбай).

Ән айту: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев),

Ән айту: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев),

Денешынықтыру

Тақырыбы: Мен ойнағанды жақсы көремін.

Мақсаты: кеңістікті бағдарлай білу шеберліктерін дамыту, қозғаушы есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Күтілетін нәтиже: баланың күшті екенін үнемі айта отырып өздеріне сенімдерін арттыруды білу

Құндылықтар: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік

Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастру.

Ойын шарты:

Мақсаты: «Жоғарыда-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.

Қажетті құралдар: доп.

Ойын барысы: 2-нұсқа: Балалар сапқа тұрады. Доп бірінші баланың қолында «доп оң жақта» деген бұйрық айтылғанда доп оң жаққа беріледі. «Токта» деген бұйрық бойынша допты сапта тұрған балалардың біреуі ұстап қалады. «Доп сол жақта» деген бұйрық бойынша доп сол жаққа беріледі. Тапсырманы дәл әрі тез орындаған балалар жеңімпаздар атанады

Музыка

Тақырыбы: Нота үйренейік.

Мақсаты: әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға үйрету;

—әннің сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау.

Музыка сипатын ашық ырғақты, ширақ жүріспен беру.

Құндылықтар: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік

Құндылықтар: Әділдік және жауапкершілік

Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастру.

Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастру.

Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастру.

Музыка тындау: «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өндеген Т. Қоңыратбай).

Ән айту: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев),

«Білімнің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)

Музыкалық-ырғақтық қимылдар:

«Марш» (В. Дешевов)

Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені)

Ойындар, хороводтар:

Денешынықтыру

Тақырыбы: Керуен (таза ауада)

Мақсаты: ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік құзіреттіліктерін дамыту.

Күтілетін нәтиже: таза ауада ойнау серуенде пайдалы екенін біледі

Құндылықтар: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Біртұтас тәрбие: Әділдік және жауапкершілік

Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастру.

Секіртпеден бір орында тұрып секіру. Бастапқы калыпқа тұрады.

Бірғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады.


Бірғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады.




**ШЫНЫҚСАН
ШЫМЫР
БОЛАСЫҢ!**



«Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)
Музыкалық-ырғақтық қимылдар:
«Марш» (В. Дешевов)
Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені)
Ойындар, хороводтар:
«Сықырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан)
Музыкалық аспапта ойнау




До ре ми фа соль ля си до



«Сықырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан)

Музыкалық аспапта ойнау



До ре ми фа соль ля си до

Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді. Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді

